



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010500	«Дефектология»	1. Педагогика 2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі 3. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Арнайы педагогика

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі
3. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Арнайы педагогика

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Педагогикалық пәндер:

- A) Табиғат педагогикасы
- B) Қоғамдық педагогика
- C) Ақпараттық педагогика
- D) Этнопедагогика
- E) Жұмыс істеу педагогикасы

2. Тұлға дамуының негізгі бағыттары:

- A) қызығушылық
- B) танымдық
- C) білімдік
- D) психикалық
- E) эмоционалдық
- F) әлеуметтік
- G) дене

3. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Психологиялық
- B) Биологиялық
- C) Флегматикалық, меланхоликалық
- D) Сангвиникалық
- E) Психикалық
- F) Физиологиялық

4. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер:

- A) психологиялық
- B) әдіснамалық
- C) технологиялық
- D) эмпирикалық
- E) әдістемелік
- F) теориялық

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- B) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- C) еңбек қабілеттілігін арттыру
- D) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- E) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- F) эстетикалық білімдер беру

6. Тәрбиенің мақсаты:

- A) Тәрбиені гуманитарландыру
- B) Қоғам сұранысына сәйкес жеке тұлға қалыптастыру
- C) Қоғамның мүддесімен сәйкес болуы
- D) Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы
- E) Адамды жан-жақты дамыту
- F) Еңбек тәрбиесі және политехникалық білім беру

7. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) практикалық іскерліктер
- B) тұрмыстық көзқарастар
- C) сенімдер
- D) дағдылар
- E) діни білімдер

8. Басқару стилі бойынша:

- A) мектептік
- B) діни
- C) қоғамдық
- D) адамгершілік
- E) авторитарлық
- F) демократиялық

9. Педагогикалық үдеріс:

- A) Сабақты ұйымдастыра білу үдерісі
- B) Педагогикадағы іс әрекеттерді ұйымдастыру үдерісі
- C) Тәрбие беру жүйесі
- D) «Педагог - оқушы» іс - әрекетінің жүйесі
- E) Адам - адам жүйесі
- F) Дамыту, тәрбиелеу, оқыту үдерістерін біріктіретін жүйе
- G) Ұйымдастыруды және басқаруды жақсарту үдерісі

10. Тәрбие әдісі:

- A) мақсатқа жету жолы
- B) тәрбиенің сыртқы көрінісі
- C) тәрбиеші мақсаты
- D) өзара әрекет ету амалы
- E) тәсілдер жиынтығы

11. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Сынып жетекшісінің өз алдына мақсат қоюына
- B) Мектеп директорының позициясына
- C) Сұранысқа ие болуына
- D) Қойылатын талаптардың мазмұнына
- E) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың көлеміне
- F) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне
- G) Мұғалім позициясына

12. Сыныптағы тәрбие жүйесінің кезеңдері:

- A) Жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру
- B) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын орындау
- C) Оқушылардың өзара қарым-қатынасын зерттеу
- D) Жүйені қалыптастыруда сынып жетекшісінің басқарушылық рөлі
- E) Жүйенің қалыптасуы

13. Отбасының жалпы сипаттамаларының көрсеткіші:

- A) отбасы құрылымы
- B) ауқаттылығы, тұрмыстық жағдайы
- C) ата-ана туралы мәліметтердің толықтығы
- D) балаларының дарынды, талантты, мәдениетті, талапшыл болуы
- E) баланың отбасы өміріне белсенді араласуы

14. Оқыту ұстанымдары:

- A) Сананылық және белсенділік
- B) Болжамдық
- C) Ұйымдастырушылық
- D) Мазмұндық
- E) Жүйелілік
- F) Көрнекілік
- G) Әдістемелік

15. Білім беру стандарты:

- A) Білім беру сапасын анықтайды
- B) Оқу жоспарларын қолданады
- C) Білім беру нормаларын анықтайды
- D) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- E) Білім беру саласын қамтиды
- F) Оқыту деңгейін айқындайды
- G) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- H) Міндетті білім берудің негізгі құжаты

16. Оқытуды ұйымдастыру формасы:

- A) Ата-аналармен жұмыс
- B) Сабак
- C) Оқу саяхаты (экскурсия)
- D) Жаттығу
- E) Сендіру
- F) Қоғамдық жұмыс
- G) Түсіндіру

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін
- B) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- C) Білім сапасын арттыру үшін
- D) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- E) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- B) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- C) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- D) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- E) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы

19. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- B) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- C) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет
- D) Отаншылдық қасиетін арттырады
- E) Төзімділіктерін дамытады
- F) Тәрбиені меңгертеді

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) ынталандыру принципін сақтау
- B) жауаптың жан-жақтылығын ескеру
- C) баланың тәртібіне қойылатын бағаны пән үлгеріміне ауыстыру
- D) өлшемге сай болу
- E) оқушының интеллектуалдық мүмкіншілігін ескеру
- F) орташа бағалау ұстанымында болмау

21. Ақпараттық технология:

- A) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- B) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- C) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- D) Ақпаратты өңдеу үдерісінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- E) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- F) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы

22. Жалпы білім беретін бағдарламалар бағытталады:

- A) Жеке адамның әлеуметтік жағдайына
- B) Оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға
- C) Оқушының кәсіптік таңдауын шешуге
- D) Жеке адамның қоғам мен өмірге бейімделуін қамтамасыз етуге
- E) Жеке адамның мәдениетінің қалыптасуына

23. Басқаруды ұйымдастырудың формалары мен бағыттары:

- A) Психологиялық-педагогикалық тестілеу нәтижесін қадағалау
- B) Нұсқау-әдістемелік
- C) Қоғамдық ықпалдарды пайдалану жолдарын ұсыну
- D) Педагогтарды психологиялық-педагогикалық тұрғыда диагностикалау
- E) Әдістемелік бірлестіктер
- F) Педагогикалық үдерістің негізгі мақсатын айқындау
- G) Педагогикалық отырыстар, әдістемелік кеңестер

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) зерттеушілік
- B) психологиялық
- C) әдістемелік
- D) ғылыми
- E) басқарушылық
- F) жобалаушылық
- G) дидактикалық

25. Біліктілікті көтеру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:
- A) Мамандардың кәсіби қызмет бағытында біліктілік көтеру мекемесінде ұзақ мерзімді оқуы
 - B) Біліктілік жоғарлату мекемесінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді оқуы
 - C) Сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық проблемалы емес орташа мерзімді семинарлар
 - D) Қосымша жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар
 - E) Ұзақ мерзімді тақырыптық оқулар
 - F) Біліктілікті белгілі уақыт аралығында жоғарлату
 - G) Тақырып аясындағы орташа мерзімді семинарлар

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі

1. Н.Ф. Кузьмина-Сыромятникованың еңбектері:

- A) «Көмекші мектепте көрнекі геометрияға оқыту»
- B) «Көмекші мектепте геометрия элементтеріне оқыту»
- C) «Арифметиканы оқыту пропедевтикасы»
- D) «Көмекші мектептің 4-сыныбында нумерацияны оқытуда қолданылатын жаттығу түрлері»
- E) «Көмекші мектептің I сыныбында арифметикаға оқыту»

2. Екінші концентрдің міндеттері:

- A) 10 көлеміндегі сандардың нөмірленуіне оқыту
- B) 20 көлеміндегі сандардың нөмірленуіне оқыту
- C) 100 көлеміндегі сандардың нөмірленуіне оқыту
- D) 10 көлеміндегі сандармен арифметикалық амалдарды орындауына оқыту
- E) Құн өлшемдерімен таныстыру: 5 тг, 10 тг

3. Көмекші мектептің математика сабақтарында қолданылатын бақылау тәсілдердің түрлері:

- A) Қорытынды бақылау жұмысы
- B) Жазу
- C) Шығармашылық жұмыстар
- D) Үй жұмысы
- E) Ауызша санау
- F) Сауалнама жүргізу

4. Берілген тапсырманың мақсаты – оқушының сандық түсініктерін дамыту:

- A) «Берілген заттардың ішінен салмақтары бірдейін тап»
- B) «Берілген суретте ненің саны артық: алманың ба, доптың ба?»
- C) «Оң қолыңмен қарындашты ал»
- D) «Түзу жолақ бойымен нүктелер қой»
- E) «Мына қуыршақтардың қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл?»

5. Кері санауды бекітуде берілетін тапсырмалар:

- A) «Онға дейін сана»
- B) «3-тен бастап әрі қарай сана»
- C) «Қай сан үлкен: 5 пе, 6 ма?»
- D) «Оннан кері сана»
- E) «10-нан 5-ке дейін сана»
- F) «4-тен бастап 8-ге дейін сана»

6. Кері санауды бекітуде берілетін тапсырма:

- A) «Жұп және тақ сандарды атап, жаз»
- B) «20-ны екі санға жікте: $20 = \dots + \dots$ »
- C) «Жұп есептердің жауаптары қандай болады?»
- D) «20-дан 5-ті кемітіп отырып сана»
- E) «20-дан 2-ні алып тастап отырып сана»

7. Берілген тапсырмалардың мақсаты – сандар қатарында санның алатын орнын анықтауға үйрету:

- A) «11-ден бастап әрі қарай сана»
- B) «15 санының көршілерін ата»
- C) «Алдында тұрған санды табу үшін, берілген санды қалай өзгертеміз»
- D) «Сөреден 2 кітап ал. Неше кітап алғаныңды дәптерге жаз»
- E) «Суреттегі 7 қуыршақтың жанына тиісті санды жаз»
- F) «10-нан бастап 18-ге дейін сана»
- G) «Сан қатарында жазылмаған сандарды жаз: 0, 1, 2,.....5,.....12,.....20»

8. Жүз көлеміндегі сандарды азайтуға берілген есептер:

- A) «Әсет 47-де, ал Айгүл одан 25 жас кіші. Айгүл неше жаста?»
- B) «84-ті екі санға жікте: $84 = \dots + \dots$ »
- C) «Жұп және тақ сандарды атап, жаз»
- D) «Дорбада 45 алма бар. Оның 6-ын Әсет алды. Дорбада неше алма қалды?»
- E) «20-дан 5-ке дейін сана»
- F) «Әсетте 20 тг, Алмада 65 тг бар. Екеуінде барлығы қанша тг бар?»

9. Берілген тапсырманың мақсаты – 100 саны көлемінде разрядтан аттамай екітаңбалы және біртаңбалы сандарды қосу және азайту:

- A) Берілген сандарды 7-ге азайт: 18, 29
- B) Буылған таяқшалар арқылы қосу амалына берілген есептерді шығар
- C) Анарда 78 тг бар. Ол Арайға 5 тг берді. Анарда неше тг қалды
- D) Апайда 28 кітап бар еді. Ол тағы 30 кітап сатып алды. Қанша кітап болды
- E) 7 бума (ондық) таяқшаларға 5 таяқшаны қос
- F) Бір орам матада 50м., ал екіншісінде 30 м-ге кем. Екінші орамда қанша метр
- G) Таяқшалар арқылы 45 санын құрастыр. Оған 3 ондық қос

10. Салмақ түсініктерін қалыптастыруға берілетін тапсырмалар:

- A) «1 дециметрде неше сантиметр бар?»
- B) «5 тг-ні көрсет»
- C) «1 метрде неше сантиметр бар?»
- D) «10 тг-ге не алуға болады»
- E) «Дорбадағы қанттың салмағын анықта»
- F) «Сенің ойыңша, мына заттың салмағы қандай?»
- G) «1 кг-да неше грамм бар?»

11. Массаны өлшеу үшін арнайы мектепте қолданылатын көрнекіліктер:

- A) Кастрюлдер
- B) Таразы
- C) Гиря
- D) Бөтелке
- E) Литрлік шыны құты
- F) Амперметр
- G) Санды таразы

12. 100 шамасындағы сандарды бөлу кестесіне үйрету үшін келесі тапсырмалар қолданылады:

- A) Жиырма шамасында бөлу кестесін қайталау
- B) Теңдеулер меңгеріледі
- C) Екіге көбейтуден кейін екіге бөлу оқытылады
- D) Мың шамасындағы сандар меңгеріледі
- E) Санның құрамы оқытылады
- F) Бөлу кестесін құру

13. Тапсырма мақсаты – көбейту кестесін жаттау:

- A) «Төрттен қосып отырып 20-ға дейін сана»
- B) «10 дәптерді 2 бағанға тең бөл. Әрбір бағанда неше дәптерден»
- C) «Бөлу амалына есеп берілген, көбейтуге арналған сәйкес есепті ата»
- D) «3-ті көбейту кестесінің қай жолдары жоқ»
- E) «12 қарындашты 6 тең бөлікке бөл»
- F) «Қосуды көбейтуге алмастыр: $2+2+2=$. $3+3+3+3=$ »
- G) «2 санын көбейтуге арналған есептерді бөлу есептерге айналдыр»

14. Берілген тапсырманың мақсаты – жұп және тақ сандар түсінігін қалыптастыру:

- A) «20-дан 2-ні алып тастап отырып сана»
- B) «Жұп және тақ сандарды атап, жаз»
- C) «200-ді екі санға жікте: $200 = \dots + \dots$ »
- D) «Берілген сандардың бірліктерін кемітіп жаз: 19, 17, 13. Үлгі: $19 - 9 = 10$ »
- E) «20-дан 5-ті кемітіп отырып сана»
- F) «Алдыңғы немесе келесі тақ сандарды жаз»
- G) «20-дан 5-ке дейін сана»

15. Берілген тапсырмалардың мақсаты – санның құрамын анықтауға үйрету:

- A) 8 санының көршілерін ата
- B) 10 қызға 200 қарындашты бөліп бер
- C) 5 алманы екі табакқа қалай бөлуге болады
- D) 1-6 дейін сана
- E) 1 және 3 санын салыстыр
- F) 500 теңгені 2 балаға тең бөліп бер

16. Қарапайым арифметикалық есеп:

- A) «Асанда 20 ойыншық бар. Оның 5-еуі – машина, 7-еуі – тапанша, қалғаны сарбаздар. Асанда неше сарбаз бар»
- B) «Динада 2 қуыршақ бар. Ал Гүлназда одан 2 есе артық. Екеуінде барлығы неше қуыршақ бар»
- C) «Екі қаланың арақашықтығын бір көлік 5 км/сағ жылдамдықпен 3 сағатта жол жүрсе, екінші көлік бұл арақашықтықты 5 сағатта жүреді. Арақашықтықты тап»
- D) «7 кәмпитке 49 теңге төленсе, осындай 10 кәмпитке неше теңге төлеу керек»
- E) «7 кәмпит 49 теңге тұрады. 1 кәмпиттің құнын тап»
- F) «Асанда 20 ойыншық бар. Оның 7-еуі – машина, қалғаны – сарбаздар. Асанда неше сарбаз бар»
- G) «Екі қаланың арақашықтығы 800 км. Бір қаладан шыққан көлік 80 км/сағ жылдамдықпен жүрсе, екінші қаладан шыққан көлік екі есе көп жылдамдықпен жүрді. Қанша уақыттан кейін көліктер кездеседі»

17. Қарапайым есептерді шығаруға дайындық тапсырмалары:

А) «Айнұрдың қолында бірнеше таяқша бар. Ол екі таяқшаны Әсетке берді. Айнұрда таяқша азайды ма, көбейді ме?»

В) «Себетте бірнеше алмұрт бар. Мен 1 алмұртты алдым. Себетте алмұрт азайды ма, көбейді ме?»

С) «Арайда 5 дәптер бар. Ол тағы 2 дәптер сатып алды. Арайда барлығы неше дәптер болды?»

Д) «9 алманы 3 балаға тең бөліп бер. Әрқайсысына неше алмадан бердің?»

Е) «Сыныпта көп бала бар. Сырттан бірнеше бала кірді. Бала саны көбейді ме, азайды ма?»

Ғ) «Дүкенде 70 газет бар еді. Оның 30-ы сатылды. Дүкенде неше газет қалды?»

18. Берілген есептердің мақсаты – геометриялық пішіндерді жіктеу:

А) «Берілген пішіндердің ішінен үшбұрышты таңда»

В) «Берілген төртбұрыштардың қандай айырмашылықтары бар?»

С) «Кітаптағы үшбұрыштың өлшемдерін ал да, тура сондай қылып сыз»

Д) «Пішіндердің ішінен дөңгелектерді алып, маған бер»

Е) «Үшбұрыштың төртбұрыштан айырмашылықтары неде?»

19. Геометриялық материалдарды меңгеруде кемақыл оқушыларда кездесетін қиындықтар:

А) Оқығанын түсінуде

В) Уақытты анықтауда

С) Бұрыштарды меңгеруде және үшбұрыштарды жіктеуде

Д) Кеңістікті бағдарлауда

Е) 10 көлемінде санауда

Ғ) Геометриялық фигураларды салыстыруда қиналады

20. Уақыт өлшемдерін түрлендіруге берілген тапсырмалар:

А) «10 см жолақты өлше. Осы жолақтың ұзындығын дециметрмен айт»

В) «Айгүл 10 тг-ге екі қалам сатып алды. Бір қалам неше тг тұрады?»

С) «Асан 50 тг Арай мен Үсенге тең бөліп берді. Әрқайсысына неше тг берді?»

Д) «Ірі өлшем бірліктерін ұсақ өлшемдерге ауыстыр: $70 \text{ сағ} = \dots \text{мин}; 70 \text{ сағ} = \dots \text{с}$ »

Е) «Қарындаштың ұзындығын сантиметрде, сосын дециметрде көрсет»

Ғ) «Мына жіптің ұзындығын өлше, екі түрлі өлшемде айт (см, м)»

21. Уақыт өлшемдерімен қосу және азайту амалдары дұрыс орындалған нұсқалар:

- A) «3 сағ 17 мин – 17 мин = 2 сағ»
- B) «35 мин + 65 мин = 1 сағ»
- C) «23 сағ – 11 сағ = 12 сағ»
- D) «28 мин + 49 мин = 1 сағ 17 мин»
- E) «3 сағ + 1 сағ 10 мин = 4 сағ 10 мин»

22. Уақыт өлшемдерімен қосу және азайту амалдары дұрыс орындалған нұсқаларды көрсет:

- A) 3сағ 40мин – 1сағ 50мин = 1сағ 90 мин
- B) 35 мин + 65 мин = 1 сағ
- C) 23 сағ – 11 сағ = 12 сағ
- D) 7 сағ 45мин – 5 сағ 50 мин = 1 сағ 55 мин
- E) 3сағ 40мин – 1сағ 50мин = 1сағ 50 мин

23. Берілген тапсырмалардың мақсаты – санды бір бөлігі арқылы табу:

- A) «30 км жолдың $\frac{1}{6}$ бөлігі асфальтталған. Неше км жол асфальтталған?»
- B) «Ағаштардың $\frac{4}{7}$ бөлігін шие ағашы құрайды. Ол 7-ге тең. Ағаш саны қанша?»
- C) «Жолдың $\frac{1}{3}$ бөлігі 20 км-ге тең. Жолдың жалпы ұзындығын тап»
- D) «10 см-дің $\frac{2}{5}$ бөлігін тап»
- E) «Топта 4 ер бала бар. Бұл барлық балалардың $\frac{1}{3}$ бөлігі. Топта неше бала бар?»

24. Берілген тапсырмалардың мақсаты – санды бір бөлігі арқылы табу:

- A) «Алма саны 5-ке тең. Ол алмұрттың $\frac{2}{3}$ -сін құрайды. Алмұрт саны нешеу?»
- B) «Барлық қаламның $\frac{4}{5}$ бөлігі 8 дана болса, қалам саны неше?»
- C) « $\frac{3}{10}$ м матаның $\frac{1}{10}$ метрі кесілді. Қанша метр мата қалды?»
- D) «30 км жолдың $\frac{3}{5}$ бөлігі асфальтталған . Жолдың неше км асфальтталған?»
- E) «Тақтайшаның ұзындығы $\frac{7}{10}$ м, оның $\frac{5}{10}$ метрі кесілді. Қалған бөлігін тап»
- F) «10 см-дің $\frac{2}{5}$ бөлігін тап»
- G) «30 км жолдың $\frac{1}{6}$ бөлігі асфальтталған. Неше км жол асфальтталған?»

25. Берілген тапсырманың мақсаты – ондық бөлшектерді өлшем бірліктері арқылы жазу:

- A) «Көп нүктенің орнына тиісті өлшем бірлікті жаз: $0,3 \text{ дм} = 3\dots$ »
- B) «Көп нүктенің орынына тиісті бөлшекті жаз: $3,04 > \dots$; $0,5 < \dots$ »
- C) « $2/7$ бөлшегінің алымы мен бөлімін ата»
- D) «Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіріп жаз: $3/5$ және $1/4$ »
- E) «Бөлшектерді өсу ретімен жаз: $1/5, 3/5, 2/5, 4/5$ »
- F) «Берілген пішіннің $1/4$ бөлігін штрихта»

**Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Ұжымды құрастыру жолындағы қадамдарды саты ретінде қарастырған ғалымдар:

- A) А.С. Белкин
- B) Г.М. Дульнев
- C) М.И. Скаткин, З.М. Шилина
- D) К.Д. Ушинский
- E) Н.К. Крупская
- F) А.С. Макаренко, В.П. Сергеева
- G) И.Г. Еременко

2. Оқушының қоғам талаптарына сай дәрежесі:

- A) қоғамда өзін-өзі ұстау қабілеттілігі
- B) белгілі бір пәндерді білуі
- C) қойылған талаптарды бағыттай білуі
- D) сұрақтарды дұрыс қоя білуі
- E) белгілі бір жағдайлардың шешімін табу
- F) белгілі бір тапсырмаларды орындау

3. Өзара әрекеттескен жүйелер мен элементтер арқылы жеке бастың мақсатты бағытта дамуы:

- A) Оқыту
- B) Педагогикалық кеңес
- C) Ойын
- D) Білім беру
- E) Мәдениет
- F) Ұжым

4. Тәрбиелеу және білім беру мақсатын жетілдіру үшін құрылған білім алушылар ұжымы:

- A) кәсіпорын жетекшілері ұжымы
- B) уақытша балалар ұжымы
- C) балабақша ұжымы
- D) лицей оқушылары
- E) балалар студиясы
- F) жұмысшылар ұжымы
- G) оқушылар сыныбы

5. Ұжымның даму кезеңдері:

- A) ұжымның тарауы
- B) ортақ нәтижеге жету
- C) істің басы
- D) оқушылар ұжымы жеткіліксіз ұйымдастырылған топ
- E) қоғамдық құбылыстарды бағалауда ұжымдық пікір пайдаланылады

6. Мәдени-гигиеналық дағдылардың қалыптасқандығы байқалады:

- A) Ұлтшылдықта
- B) Физикалық белсенділікте
- C) Мұқияттылықта
- D) Дүниетанымда
- E) Ақыл-ой еңбегінде
- F) Тұрмыстық ұқыптылықта
- G) Ән тыңдауында

7. Педагогикадағы зерттеу деңгейлері:

- A) тестілеу, анкета
- B) интервью, дербес мінездемелерді жинақтау
- C) эмпирикалық
- D) теориялық
- E) әдіснамалық

8. Сынып жетекшісі жұмысының құрылысы:

- A) оқушылардың әлеуметтік жағдайы
- B) жастардың эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде дамыту
- C) мектеп ережесі, мектеп дәстүрі
- D) қоғамдық қатынастарды
- E) сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс

9. Тәрбие әдістері:

- A) Педагогикалық ықпал әдістерінің жиынтығы
- B) Сұрақ пен жауаптан тұратын таным ойындары
- C) Арнайы қойылым бойынша өңделген шаралар жиынтығы
- D) Тәлімділік әрекеттестіктің жасалуына мүмкіндік беретін жалпы әдістер жиынтығы
- E) Оқушылардың өзара пікір алмастырулары
- F) Оқытушының оқушымен жеке сұхбаттасуы

10. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеуде қолдануға болмайтын әдіс:

- A) әңгімелесу
- B) жарысқа қосу
- C) мадақтау
- D) айыптау
- E) себебін түсіндірмей айыптау
- F) серуенге шығармау
- G) себебін түсіндірмей жазалау

11. Өзін-өзі тәрбиелеу:

- A) Рухани тәрбие
- B) Өзін-өзі қалыптастыру
- C) Жасырын тәрбие
- D) Политехникалық тәрбие
- E) Өзін-өзі дамыту
- F) Ақыл-ой тәрбиесі
- G) Экологиялық тәрбие

12. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- A) Қарама-қайшылық
- B) Құралдары, әдіс-тәсілдері және түрі
- C) Ұйымдастырушы
- D) Ақпараттық
- E) Реттеуші

13. Дене тәрбиесінің міндеттері:

- A) Ақыл-ой дағдысы мен біліктілігін қалыптастыру
- B) Жүйелі оқуға қызығушылығын қалыптастыру
- C) Салауатты өмір салтын қалыптастыру
- D) Организмді шынықтыру, қозғалыс сапасын дамыту
- E) Дененің дұрыс дамуына әсер ету

14. Отбасы тәрбиесінің негізін құрайды:

- A) Нарықтық қатынас
- B) Құқықтық тәрбие
- C) Азаматтық құқық
- D) Азаматтық кодекс
- E) Әкімшілік құқық
- F) Адамгершілік тәрбиесі
- G) Қылмыстық құқық

15. Оқу-танымдық іс-әрекетті сипаты:

- A) еңбекке психологиялық даярлық
- B) сенсорлы-қозғалыс аумағын дамыту
- C) оқушылардың нақты мүмкіндігін жүзеге асыру
- D) практикалық біліммен қарулану
- E) санаға ой салу
- F) оқушылардың іс-әрекетінде шығармашылық үрдістерді дамыту

16. Эстетикалық талғамның негізгі аспектілері:

- A) Әлеуметтік
- B) Гносеологиялық
- C) Ажыратылған
- D) Дәстүрлі
- E) Танымдық
- F) Мәдени

17. Аталмыш көрсеткіштер қоғамдық іс-әрекетті сипаттайды:

- A) оқушылардың іс-әрекетінде шығармашылық үдерістерді дамыту
- B) еңбекке психологиялық даярлық
- C) кез келген іс-әрекетте әлеуметтік бағытты қалыптастыру
- D) оқушылардың нақты мүмкіндігін жүзеге асыру және дамыту
- E) кез келген іс-әрекетте қоғамдық-әлеуметтік бағыттарды қалыптастыру

18. Арнайы мектептегі еңбекке баулудың жетекші мақсаты:

- A) дене шынықтыру
- B) психикалық және дене ақауларын түзету
- C) кәсіби бағдар жұмысын жетілдіру
- D) еңбек мәдениетін тәрбиелеу
- E) еңбекке деген саналы көзқарасын қалыптастыру

19. Көмекші мектепте қолдануға болмайтын талап:

- A) ұсыныс – талап ету
- B) меңзеу – талап ету
- C) сенім – талап ету
- D) ымдау – талап ету
- E) сендіру – талап ету
- F) ишара көрсету – талап ету
- G) кеңес – талап ету

20. Оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарында тәрбиеленушіге кәсіп түрін таңдау және игеру міндеттерін қалыптастыратын жағдайлар:

- A) Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-еңбекке оқыту барысында педагогикалық ерекше жағдайлар жасау
- B) Әлеуметтік әріптестік механизмін қалыптастыру
- C) Педагогикалық және медициналық-психологиялық мониторинг жүйесін қалыптастыру
- D) Түлектің кәсіби бағдарын бағалау
- E) Мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдердің еңбекке жарамдылық деңгейіне қайшы кәсіби-еңбек түрлерінің тізімін анықтау
- F) Емдік шаралар жайлы ақпарат көздері диапазонын кеңейту

21. Кәсіби кеңестер мен мақсатты кәсіби сынамалар топтамасы:

- A) Күнделікті өмір жағдайларында адекватты көзқарасты қалыптастыру
- B) Кәсіби әрекет жайлы ақпараттар көздерінің диапазонын кеңейту
- C) Оқушылардың белгілі бір кәсіп түріне талпыныстарын қалыптастыру
- D) Оқушыларды қарапайым этикет нормаларымен таныстыру
- E) Мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдердің еңбекке жарамдылық деңгейіне қайшы кәсіби-еңбек түрлерінің тізімін анықтау

22. Арнайы мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмысына негізделген жетекші әрекет:

- A) іс-әрекет
- B) спорт
- C) теория
- D) еңбек
- E) таным
- F) ойын
- G) оқу

23. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты:

- A) Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру
- B) Ақыл-ой қасиеттерді қалыптастыру
- C) Тірі және өлі табиғат туралы білімді қалыптастыру
- D) Әсемділікті дұрыс түсіну қабілеттігін қалыптастыру
- E) Танымдық қызығушылықты қалыптастыру
- F) Қарапайым шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру

24. Оқу бағдарламаларының түрлері:

- A) Жұмыс
- B) Концентр
- C) Аумақтық
- D) Авторлық
- E) Сызықтық
- F) Типтік

25. Олигофренопедагогика – аталмыш жандарды оқыту мен тәрбиелеу туралы ғылыми білімдер жүйесін ұсынатын ғылым:

- A) Балалар церебралды сал ауруы бар
- B) Танымдық іс-әрекет бұзылысы бар
- C) Мүмкіндігі шектеулі
- D) Олигофрен
- E) Кем ақылды
- F) Зияты зақымдалған

**Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Арнайы педагогика

1. Эволюциялық дамудың V кезеңінде арнайы білім беру жөнінде заңдар қабылдаған мемлекеттер:
 - A) Нидерланды
 - B) Нигерия
 - C) Египет
 - D) Қазақстан
 - E) Ұлыбритания

2. Арнайы білім беру жүйесінің эволюциялық дамуының II кезеңінде (XII-XVIII) еуропалықтарда болған өзгерістер:
 - A) Денсаулық сақтау ережелерінде
 - B) Мемлекеттің оларға деген көзқарасы өзгерді
 - C) Соқырларды жек көрушілік көзқараста болды
 - D) Агрессия оданда күшейе түсті
 - E) Өмір сүру дағдысын өзгертті
 - F) Еркін ойын айтуға тыйым салыну

3. Инклюзивті білім беру саясатын жүзеге асыруда кездесетін кедергілер:
 - A) Қалыпты және арнайы мектеп арасындағы өзара әрекеттесудің дамуы
 - B) Арнайы және техникалық оқу әдістерін қолдану
 - C) Балалар қажеттілігін бағалай және оларды оқыту жоспарын анықтай алмау
 - D) Сыныптардағы оқушылар санының көптігі
 - E) Ерекше қажеттілігі бар баламен жұмыс істеу әдістемесін жеткіліксіз білу

4. Тифлопедагогика - аталмыш жандарды оқыту мен тәрбиелеу туралы ғылым:
 - A) Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар
 - B) Сенсорлық бұзылыстары бар
 - C) Көру бұзылыстары бар
 - D) Соқыр
 - E) Нашар көретін

5. Математикалық және статистикалық әдістер:
 - A) Көрсеткіштердің орта шамасын анықтау
 - B) Мектеп құжаттарын зерттеу
 - C) Тіркеу
 - D) Теориялық талдау
 - E) Әдебиетті зерделеу
 - F) Саралау

6. Дене және психикалық дамуында ауытқулары бар жандарға арнайы білім берудің теориясы мен тәжірибесі:

- A) Деонтология
- B) Арнайы психология
- C) Психология
- D) Коррекциялық (түзету) педагогика
- E) Педагогика

7. XX ғасырда қоғамды мүмкіндігі шектеулі жандардан таңарту туралы заң қабылдаған елдер:

- A) Чехия
- B) Дания
- C) Канада
- D) Ресей
- E) Австрия

8. Белгілі бір психикалық үдерістің даму барысында сензитивті кезеңнің ерекшелігі:

- A) Психикалық процестің кешеуілдеп құрылуы
- B) Кезеңнің баяу құрылымы
- C) Психикалық процестің жеңіл дамуы
- D) Психикалық процестің нақты дамуы
- E) Кезеңнің мүлдем дамымауы
- F) Кезеңнің әртүрлі дамуы

9. Медициналық-әлеуметтік-педагогикалық кешенді патронаж өз жұмысы бойынша жүзеге асырылады:

- A) Мемлекеттік емес сектор мекемелерінде (қоғамдық ұйым, ассоциация, қайырымдылық қорлары)
- B) Мектепке дейінгі мекемелерде
- C) Мектептерде
- D) Арнайы қызмет көрсету мекемелерінде
- E) Мемлекеттік білім беру жүйесі мен әлеуметтік қорғау ұйымдарында
- F) Психологиялық-педагогикалық-медициналық-әлеуметтік мекемелерде

10. Медициналық-әлеуметтік-педагогикалық патронаждың тек өзіне тән іс-әрекеттер жүйесінің бағыты:

- A) Арнайы мүмкіндіктерді пайдаланған жағдай да нәтиже таппау
- B) Отбасының ортасында бөленетін махаббат жағдайы
- C) Ата-анаға ғана берілетін көмекті қолдану
- D) Мүмкіншілігі шектеулі тұлғаны мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу
- E) Білім беру мекемелерінің ішінен дұрыс бағытты таңдауда көмек беру
- F) Қазіргі қоғамның және ақпарат тарату көздерін мүмкіншілігі шектеулі жандарға назарын аударту

11. Инклюзивті білім беру саясатының жүзеге асу шарттары:

- A) Арнайы мекемелерді жетілдіру
- B) Кәсіптік білім беру
- C) Дербес тұрғылықты жерде әлеуметтік көмек көрсету
- D) Оқу мен тәрбиелеуге отбасының белсенді қатысуы
- E) Түзету-педагогикалық қолдау

12. Арнайы білім берудегі тәрбиелеу үдерісінің ерекшеліктері:

- A) Субъективті
- B) Жүйелілік
- C) Тұрақтылық
- D) Кешенділік
- E) Объективті
- F) Талапшыл
- G) Мақсатты

13. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары:

- A) Топшамен оқыту
- B) Лекция – семинарлық жүйе
- C) Жекеше – топтық оқыту
- D) Топтық оқыту
- E) Оқытудың сыныптық сабақ беру жүйесі
- F) Сыныптан тыс сабақ беру жүйесі
- G) Лекция жүйесі

14. Арнайы білім берудегі арнайы оқу пәндері:

- A) Заттық-әрекеттік оқыту
- B) Кеңістікте бағдарлау
- C) Математика
- D) Еңбек
- E) Дене шынықтыру
- F) Тіл дамыту
- G) Бейнелеу

15. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагог бойында болу керек:

- A) Педагогикалық оптимизм, педагогикалық рефлексия
- B) Педагогикалық тұрақсыздық пен немқұрайлылық
- C) Педагогикалық бағыттылық, эмпатия
- D) Педагогикалық жеке ойдың болуы
- E) Педагогикалық такт, педагогикалық жоғары байқағыштық, бақылаушылық
- F) Педагогикалық дұрыс талаптың болмауы

16. Арнайы білім беруді қажет ететін балалар категориясына тән ерекшеліктер:

- A) Білім алуға қызығушылығы жоғары
- B) Ойлау әрекеті дамуының жетіспеуі
- C) Өмірге деген қызығушылығы жеткілікті
- D) Өз іс-әрекетін басқара алу
- E) Өз -өзіне деген сенімділігі жоғары
- F) Баяу және шектеулі қабылдау
- G) Ата-ана қамқорлығының жетіспеуі

17. Ақыл-ой кемшілігін тудырады:

- A) Микроцефалия
- B) Нашар көрушілік
- C) Экономикалық жағдайдың төмендігі
- D) Фенилкетонурия
- E) Есту қабілетінің зақымдануы
- F) Р дыбысының мүкістігі

18. Қалыпты дамыған баланың 1-5 жас аралығында сөйлеуі бірізділікпен жетіледі:

- A) Дизартриялы жүйесі
- B) Қалыпты дыбысталу
- C) Стереотипті ойлауы
- D) Фонетика мен фонематикасы
- E) Полиморфты дислалия

19. Құлақ мүкістігі бар балалардың есту қабілетінің төмен деңгейі:

- A) II деңгей 41-55 дБ дейін
- B) III деңгей 70 дБ жоғары
- C) 90 дБ жоғары
- D) II деңгей 26-40 дБ аспайды
- E) III 56-70 дБ дейін
- F) IV 11-90 дБ дейін

20. Кохлеарлы имплантация талаптары:

- A) Ұсақ моторикасының дамуы
- B) Психикалық аурулардың болмауы
- C) Дұрыс сөйлеу тілі
- D) Бұлшық ет тартылулары
- E) Моториканың дамуы
- F) Сөздік қорын кеңейту

21. Аутизмы бар балалардың қорқыныштары:

- A) Саналы емес
- B) Артикуляциялық
- C) Жалпы алаңдау
- D) Тотальды
- E) Нақты

22. Тифлопедагогиканың негізін қалаушылар:

- A) А.С. Грибоедов
- B) Л. Брайль
- C) В. Гаюи
- D) Д. Дидро
- E) Н.П. Вайзман
- F) Р.М. Боскис
- G) В.П. Калценко

23. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы білім беру мекемелерінің мақсаты:

- A) Оқыту-тәрбиелеу
- B) Орнын толтыру
- C) Кәсіпке үйрету
- D) Түзету, дамыту
- E) Оңалту
- F) Абилитация
- G) Әлеуметтік бейімдеу

24. БЦС жағдайында зақымдалады:

- A) Дыбысталу
- B) Қозғалыс
- C) Есту қабілеті
- D) Зейін
- E) Ойлау
- F) Сөйлеу тілі
- G) Психика

25. Күрделі кемістігі бар балалардың сипаттамасы:

- A) Мүгедектер қатарына жатпайды
- B) Сөйлеу кемшілігі
- C) Үйден оқытуды талап етпейді
- D) Тежелген
- E) Жалпы психикалық дамымау
- F) Мектеп бағдарламасын меңгереді
- G) Интеллектуалды кемшілік

Арнайы педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ